

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

23.01.2021

Көкшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 8

город Кокшетау

«Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 16 қаңтардағы № 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 16 қаңтардағы № 3 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақтың 51) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

51) халыққа қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі-ХҚКО), соның ішінде арнайы ХҚКО, 1414 Call-орталықтары мен виртуалды ассистенттердің жұмысы сенбі күндері жұмысын тоқтата тұрып, жұмыс тәртібін жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін орнатып, ұйымдастырылсын. ХҚКО-ның бөлімдерінде, соның ішінде арнайы ХҚКО-да азаматтарды қабылдау Egov.kz немесе 1414 Call-орталығы арқылы алдын ала броньдау бойынша жүзеге асырылсын.

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қалалары мен аудандарының тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

4. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

5. Осы қаулы 2021 жылғы 24 қаңтар күні сағат 00.00-ден бастап күшіне енеді.

**Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



А.Мусина